

6D01300-«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның диссертациясына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Еліміз өркениеттілікке ұмтылған сайын оны қоғам талабына сай дамытатын жастардың шығармашылық әлеуетін арттыру сұранысқа ие бола түспек. Осы мақсатты көздеген Президентіміз Қ.Ж. Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, еліміздің экономикалық әрі қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне толықтай сай келуі үшін, ең алдымен білім ордаларындағы «Заманауи форматтағы шәкірт қалыптастыру» үдерісіне ерекше назар аудару қажеттілігін ерекше атап өткен болатын. Бұл бүгінгі білім ордаларындағы білімгерлерді тек жаңа білімді игеріп қана қоймай, оны жаңа бастамаларда пайдалануға да қабілетті болуға міндеттейді.

Осы орайда, Қазақстан Республикасындағы орта білім беретін оқу мекемелеріне оқу процесін жаңартуды қамтамасыз ету бойынша бірқатар негізгі нормативтік құжаттарда белгіленген ерекше талаптар қойылды. Олардың қатарына Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және де басқа мемлекеттік нормативті құжаттар кіреді. Аталмыш құжаттардың барлығында дерлік тұлғаның шығармашылық әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы орта білім беру жүйесінің басым мақсаттары мен мүдделерінің бірі болып табылды.

Әсіресе, жаһандану үрдісімен қатар технология мен роботтану дәуірі жаңа қоғамға өз білімін тек теориялық тұрғыдан емес, шынайы өмірде кез-келген жағдайда оңтайлы шешім қабылдай білетін және ақпаратпен сауатты түрде жұмыс жасай білетін шығармашыл шәкірттерді дамытуды қажет етіп отыр. Осыған байланысты елімізде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған, әртүрлі білім беру жүйесі мен оқытудың формаларын пайдалана отырып баланың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін түрлі санаттағы (мемлекеттік, жекеменшік, арнайы, халықаралық, өнер және шығармашылық мектептері, мамандандырылған лицейлер, IT мектептер) мектептер жұмыс істеуде. Осы тұста Тлеубекова Ленураның көтеріп отырған тақырыбы өзекті және тың ұсыныстар күтетін зерттеу болмақ.

Зерттеу жұмысы ғылыми аппарат ұсынылған кіріспеден, зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды зерттеуге әдіснамалық тұрғыдан сипаттама бере отырып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту идеясының шығу генезисі мен шығармашылық әлеуетті дамытудың ғылыми-теориялық негіздері қамтылған

«Зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімнен; зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері мен моделі және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бастапқы диагностикасы қарастырылған «Зияткерлік мектептерде оқушының шығармашылық әлеуетін дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздері» атты екінші бөлімнен және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың бағдарламасы мен оны іске асырудың технологиясы, оны пайдаланудың тиімділігі эксперименттік тәжірибеде тексерілгені туралы мәліметтер қарастырылған үшінші бөлімнен, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жоспары құрылымында ғылымилық, жүйелілік, логикалық, бірізділік, тұтастық принциптері сақталған.

Оқушылардың шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігі көне дәуір философтарынан бастап шығыстың көрнекті ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, ағартушылар мен зиялылар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, А. Байтұрсынов, М.Жұмабаевтың, сондай-ақ, оқушы бойына шығармашылық әлеуетті дамытудың түрлі әдіс-тәсілдері жайлы көршілес ресей ғалымдары С.Л.Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, В.И. Загвязинский, В.И. Андреев, И.Г. Калошина сынды ғалымдардың еңбектеріне, мектеп қабырғасында оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытудың психологиялық және педагогикалық астарлары жайлы Отандық ғалымдар Ж.А. Қараев, Ж.У. Қобдикова, Қ.А. Әбдіғалиева, Н.Н. Нұрахметов, М.Р. Көпжасарова, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.И. Намазбаева, А.Р. Ерментаева сынды Қазақстандық ғалымдар зерттеулері мен шығармашылық әлеуетті дамытудың теориясы мен практикасын сынды теориялық, әдіснамалық қағидаларды қолданған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық -әдіснамалық негіздерінің айқындалуында; «Зияткерлік мектептер ерекшеліктерін», «Әлеует», «Шығармашылық», «шығармашылық әлеует» ұғымдарының өзара байланысының анықталуында, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда әдіснамалық тұғырларының (тарихилық, тұлғалық, іс-әрекеттік, синергетикалық тұғырлар) айқындалуында; зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалып, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің анықталуында; зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері және формаларының, оны іске асыру тетіктерінің ұсынылуында; Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға байланысты нақтылы әдістемелік ұсыныстардың эксперименттік тәжірибеде тиімділігі тексеріліп, нақтылы ұсыныстардың берілуінде.

Зерттеудің құндылығы зерттеудің мақсат-міндеттеріне сәйкес қарастырылған әрбір мәселеден кейінгі автордың аргументті ой-

тұжырымының жасалуында, атап айтқанда «Шығармашылық әлеует - адамның мүмкіндігін және оның еңбек іс-әрекетіне қатысу шекарасын анықтайтын қасиеттер жиынтығы», «шығармашылық – бұл адамның өмірде өз жолын табу үшін өзін-өзі тану үрдісінде сынилыққа, ізденімпаздыққа салынып, дұрыс әрі тиянақты шешім қабылдай алудың шыңы, акмасы болып табылады» дей отырып «Шығармашылық әлеует» ұғымына өзіндік көзқарасы мен тұжырымын жасауы, оны ғалымдардың тұжырымдамаларынан оқушы бойындағы жасырын және ашық мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімді тәсілдерін айқындайтын кешенді ұғым ретінде қарастыруы; нәтижесінде *«оқушылардың шығармашылық әлеуеті - «оқушының өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, іздену жолында жұмсайтын ішкі қорлары мен күштері. Өмірде дұрыс жол табу үшін оқушы дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі»* деп тұжырымдауы. Зияткерлік мектептердің күзіретіне білім берудің тетіктері мен формасын, сондай-ақ АКТ-ның заманауи модельдерін даярлау мен ұсыну, олардың сапасын және тиімділігін анықтау үшін мониторинг жүргізу, талдау, зерттеу және сынақтан өткізуі арқылы шығармашылық әлеуетті дамыту тиімділігінің дәлелденуі.

Зерттеліп отырған мәселенің **практикалық маңыздылығы** зерттеу мәселесі бойынша «Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты элективті курс бағдарламасының енгізілуімен, Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған» жаттығулар жинағының жасалып, зияткерлік мектептің оқу бағдарламасына енгізілуімен және зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастыруда қолданылуында болып отыр. Ұсынылған кешенді ұсыныстар зерттеудің қомақты нәтижесі болып табылады.

Л.А.Тлеубекованың педагогикалық, кәсіби-педагогикалық бағытта зерттеуінің **ғылыми негізділігі**, зерттеу мәселесіне сәйкес әдіс-тәсілдердің нақты таңдалып, қолданылуы, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсат-міндеттерге сәйкестілігі, ғылыми нәтижелердің дәйектілігі зерттеудің шынайылығы мен негізділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысындағы Л.А.Тлеубекованың ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелері отандық педагогика, кәсіптік педагогика ғылымдары аясында маңызды. Осыған орай диссертанттың зерттеуі теориялық және практикалық жағынан диссертацияның талаптарына сәйкес, маңызды мәліметтермен толысқан, іштей бірлігі сақталып, жоғары сапалық деңгейде орындалған зерттеу деп білемін.

Л.А.Тлеубекованың өзекті мәселе бойынша зерттеу жұмысын тыңғылықты орындап шығуына оның жауапкершілігі, ғылыми-әдіснамалық мәдениеттілігі, табандылығы, іскерлігі, ұқыптылығы сияқты қасиеттері негіз болды.

Диссертация Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес, дербес орындалған жұмыс.

6D01300-«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы Л.А.Тлеубекованы (PhD) философия докторы дәрежесіне ізденуге лайықты деп санауға мүмкіндік береді.

Ғылыми кеңесші:

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Білім жоғары мектебі,
Педагогика кафедрасының профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы:**

Қ.Т.Атемова

